

ЕР АДАМНЫҢ БАС КИІМ АТАУЛАРЫ: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.д., профессор
Ш. Мажитаева

Ғаламның тілдегі бейнесін жан-жақты қарастыруда көркем мәтіндегі этнографиялық атауларды этнолингвистикалық тұрғыдан талдаудың мәні ерекше. Этнолингвистика дегеніміз тілдің мәдениетпен қарым-қатынасын, лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара байланысын, мәдениеттің мазмұнын халықтық психология мен мифологиясы тұрғысынан зерттейді.

Тіл білімінде бұл бағыт өз бастауын Америка Құрама Штаттарынан алады. Оның негізін қалаған ғалымдар ретінде Э.Сепир, Ф.Буаз, Б.Уорфты және де В.Гумбольдт пен А.А. Потебняны атауымызға болады. Ал қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар «Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатында туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес саласы» [1, 480], -деген анықтама береді.

«Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа да халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы» [2, 239],- деп Ж.Манкеева өз еңбегінде көрсеткендей, белгілі бір көркем шығарманың этнографиялық қырын сөз еткенде біз міндетті түрде материалдық және рухани мәдениетке тоқталамыз. Нақты атап айтатын болсақ, ұлттық музыкалық аспаптар, қару-жарақ атаулары, зергерлік атаулар мен күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер атаулары, тағам атаулары мен киім-кешек атаулары және т.б. Соның ішінде бұл мақалада киім-кешек атаулары бойынша бас киім атауларына тоқталмақпыз.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім болып саналады. Қазақтың «дос басына, дұшпан аяғына қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан. Бұл киім атауының жиі қолданысқа түсуінің, тілдік қарым-қатынаста белсенді қолданылуының өзіндік себебі бар. Ол қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен, ділімен байланысты. Қазақ халқы жалпы бас киімді киелі санаған, оны баспаған, біреуге бермеген. Сондықтан да бұл атаулардың қолданыстық ерекшеліктері көбіне ұлттық, дәстүрлік, киелілік ұғымдарымен астасып жатады.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдеріне зерттеу жүргізген И.В.Захарова мен Р.Р.Ходжаева ер адамдардың бас киімдерін 6 топқа бөледі:

1. Дөңгелек, жеңіл, өзін сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім баскиім – тақия.
2. Матадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген баскиім – төбетей.
3. Киізден тігілген баскиім – қалпақ.
4. Қалың матадан тігілген башлық (күләпара).
5. Тері қапталған жылы баскиім – бөрік.
6. Аң терісінен жасалып, суықта киетін баскиім – тымақ.

В. Плотников 1859 – 1862 жылдары бөрік пен тымақтың 15 түрі туралы жазған. Олардың бізге жеткен кейбір түрлері мынандай: жаба салма тымақ, қайырма тымақ, дөңгелек төбелі тымақ, шошақ төбе тымақ, жекей тымақ, т.б. Қазақ халқында тымақ қасиетті бас киім болып саналады. Оны айырбастауға, аяқ тигізуге болмайды. Жақсы, белгілі адамдардың тымағы атадан балаға мұра есебінде қалдырып отырған. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Тымақ – әр түрлі аңдар мен мал терілерінен жасалатын ерлердің қысқы бас киімі» - деп берілген [4, 837]. Осыған орай сеңсең, қарсақ, сусар, жекей, бұлғын, елтірі, түлкі, сәлде, кедей, үкілі, қайырма, шошақ төбе, әлім, адай, арғын, қыпшақ төбе, найман, үйсін т.б. деп аталады. «Абай жолында» тымақтың мынадай түрлері кездеседі. Мысалы,

Пұшпақ тымақ – малдың, аңның сирақ терісінен жасалған тымақты айтамыз.

Осыны есептеп алған Құнанбай пұшпақ тымағының құлағын байлай бере, торы атты тебініп, қамшылап алып:

-Қапта-қапта! Олжасай, Олжасай! – деп, ұран салып, ағыза жөнелді (М.Ә., 1т., 83-б.).

*Үлкендер **пұшпақ тымақ** кисе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді (М.Ә., 2т., 97-б.).*

Сеңсең тымақ – аңның терісінен тігіледі.

*Алдыңғы келген **сеңсең тымақ**, көне тонды, ұзын бойлы жолаушының кірпігіне шейін тұрып қапты (М.Ә., 1т., 283-б.).*

Жаба салма тымақ, негізінен, түлкі терісінен, сеңсеңнен тігіледі де құлағы мол, мильығы кең, төбесі аласа болып келеді.

*Жаба салма **сеңсең тымағының** маңдайын шапшаң қозғап, қайқайта қайырып ап, бетін ашып салып, Абайға әлі де тік қарап отыр (М.Ә., 2т., 403-б.).*

Қайырма түлкі тымақ та түлкі мен қозы терісінен тігіледі, оның маңдайы төбесіне қарай үлкен қайырмалы келіп, жұрындары жалпақ болып келеді.

*Үстінде қара құлын жарғағы бар, күміс кісе буынған, қара мақпалмен тыстатып, қызыл **түлкі тымақ** киген Құнанбай сырт жағынан қарағанда, тіпті, зор, көрнекті еді (М.Ә., 1 т., 127-б.).*

Жекей тымақ – жаз бен күзде киетін әрі сәнді, әрі жеңіл елтірі тымақты айтады. Жекей – сәнді деген сөз. Жекей тымақты дүрия, шағи сияқты жібек маталармен тыстап, кейде оның артқы етегін көтере түріп, кейде алдыңғы бір жақ құлағын алға келтіре әнтек шекеге салып киетін. Бөрікті де әр түрлі үлгіде қозы, қой, түрлі аң терілерінен тігеді. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады.

Жекей тымақ тіркесіндегі жекей сөзі қазақ тілінде жалпы бұдан өзге әр түрлі сөзбен тіркесе жұмсалады: жекей тері, жекей табан, жекей басу. Бұған қарағанда, жекей аңның бір түрі сияқты. «Абай жолынан» да соны байқауға болады.

*Дубай **жекей тымағын** басынан алып, құлағын сол дала жаққа салып үнсіз ұзақ тың тыңдап, тосып тұрды (М.Ә., 2 т., 412-б.).*

Елтірі тымақ - қозы терісінен тігіледі.

*Басында көкішіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа **қара елтірі тымағы** байқалады (М.Ә., 1-т., 29-б.).*

*Бұл – Бөжей. Өзгелердей емес, әзір қыры сынбаған күйде, өз еркімен шығып келеді. Бас киімі – **пұшпақ тымағы** да өзінде (М.Ә., 1 т., 81-б.).*

Автордың бұл сөйлемдерінде тымақ атауы «Бөжей образын, оның бас киіміне тән суретті» беріп тұр. Алдыңғы мысалдағы тымақ жұқа қара елтіріден жасалған жай ғана қарапайым зат болса, екінші мысалдағы бас киім қолданыс барысында, нақты коммуникация жағдаятында мазмұндық өзгеріске ұшыраған атау. Мұндағы тымақ жеңілмеген қайратты ер адам образын ашудағы маңызды құрал болып тұр.

Ал мына мысалда кейіпкердің өз жасына тән образын беру үшін қолданылған:

*Бесбесбайдың **басында тымақ жоқ. Торсықтай шекесін белбеуімен таңып алыпты (М.Ә., 4 т., 177-б.).** Жазушы жалпы белгілі оқиғаға қатысты «жеңілу» немесе «жеңіске жету» секілді мағынаны беру үшін бас киім атауын өте орынды қолданған. Кейіпкердің бас киіммен суреттелуі – жеңіске жетудің, ал тымақсыз, яғни бас киімсіз болуы – жеңілгендіктің белгісі ретінде символды түрде ұсынылған.*

Тымақтың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әр түрлі болады. Бұрын қазақ елінде қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағынан қарап таныған.

Е.Жанпейісов М.Әуезов шығармаларында негізінде тымақтың мынандай түрлерін атап көрсетеді: *төрт сай қарқаралы тымағы, алты сай тобықты тымағы, алты сай сырма найман тымағы, ұзын төбелі керей тымағы, сегіз сай уақ тымағы, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы.* «Абай жолында» тымақтың, міне, осындай әлденеше түрлі атауы келтірілген.

*Қыр жолаушысы сияқтанған, саптамасы бар, тобылғы сапты қамшысы бар, **қара елтірі тымағы** Тобықты үлгісінде тігілген біреу кеп кірді (М.Ә., 2 т., 145-б.).*

*Мұнда төрт сай, аласа төбелі **Тобықты тымағы**, жіңішке, ұзын төбелі **Керей тымағы**, сырмаланған алты сай **Найман тымағы**, сегіз сай **Уақ тымағы** бар (М.Ә., 2 т., 256-б.).*

*Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша, **Тобықты тымағы** Қарқаралыныкіндей төрт сай емес, алты сай болатын. Абайдың кигені сондай өз елінің тымағы (М.Ә., 1т., 97-б.).*

*Алдыңғы бір-екеуі Тобықты үлгісінен бөлек, шашақ төбелі, алты сай **Уақ тымағын** киген адамдар (М.Ә., 2 т., 399-б.).*

*Солардың артында **Найман тымақты** қалың топтар қауырт көріне бастады (М.Ә., 1 т., 214-б.).*

Абайға қаракесек тымағын киген, сары сақал біреу өзінің екі иығына екі айыра іліп алған жарма қоныш жаңа қара саптамаларын ұсынады (М.Ә., 4 т., 52-б.).

Бас киім атауларының тағы бір түрі – бөрік. Оны ерлер мен бірге қыздар да киеді. Сырты мақпал, пүліш, барқыт тәрізді қымбат маталардан жасалатын баскиім. Жиегіне қымбат бағалы аң, мал терісі ұсталатын бөріктің жазғы, қысқы түрлері бар. Төбесі көбінесе, төрт сай немесе алты сай болады. Романда бөрік сөзі қырық бір рет қолданылған.

Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады (М.Ә., 1 т., 17-б.). Бұл жерде бөрік сөзі зат, сөз, ұғым деген үш компоненттен тұрып бас киім деген негізгі мағынаны білдіріп тұр.

Кәдімгі "жолбасар" ұрыларша шапан – бөркін айналдырып киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алып, Жұмабайды қуғанда тағы сол ұрыларша "даусымды танытпаймын" деп, мыңқылдап сөйлеп бұйрық берген (М.Ә., 1 т., 17-б.). Бұл жерден негізгі мағынамен қоса қос сөз ретінде қолданылып, жалпы үстіндегі барлық киім атаулы деген мәнді де білдіреді. Себебі заттық белгіні бір сөйлеу ситуациясында ғана пайдаланғандықтан, бір мағынаның мәні, реңкі, варианты ғана.

Құндыз бөрік – суда жүретін тышқан тұқымдас жәндікті ұқсак, сонымен қатар осы жәндіктің бағалы терісінен тігілген бөрікті айтамыз [14,26].

Басында құндыз бөркі бар, үстінде көк мауыты бешпент, омыраулары толған күміс түйме (М.Ә., 2 т., 136-б.). Негізгі мағыналы сөз жасалу материалын аңғартып тұр.

Қораның ішінде Құнанбайды қоршаған кәрі – жас Ырғызбайлардың киім сәні бөлек-ті және қаладағы саудагер, иман, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, барлық, байлық көріністері де басқа (М.Ә., 2 т., 15-б.). Бұл жерден де байлықты аңғартатын сөздің реңкін байқауға болады.

Ал ноғай бөрік, құмыра бөрік тіркестері «Абай жолында» бірінің орнына бірі қолданыла береді, яғни құмыра бөрік ноғай бөрік екенін жазушының өзі көрсетеді. Мұны келесі сөйлемнен аңғарамыз.

Көкбай ноғайша құмыра бөрік киіп апты. Ноғай бөрікті байларды сезіп қалған (М.Ә., 2 т., 245-б.).

Қоян бөрік – атында тұрғандай сырты мақпал, пүліш, барқыт тәрізді маталардан жасалатын баскиім. Жиегіне қоян терісі ұсталатын бөрікті айтамыз.

Өзі болса жеңіл ақ репстен кең, жұқа шапан киген. Басында жұқа ғана қоян бөркі бар. Үңірейіп, семіп қалған соқыр көзін анда – санда ақ қоян бөркімен сығып, сұртіп тастап, өзін – өзі қамшылағандай қиналып ойланады (М.Ә., 3 т., 269-б.). Жасушы стилінің бір ерекшелігі қоян терісінің соншалық қымбат дүние еместігін жұқа сөзін тіркестіру арқылы жеңіл сөзін астарлы түрде белгілеумен аңғартады.

Күләпара – тымақ тәрізді етіп қалың не жұқа ақ киізден тіккен. «Күлә» парсы тілінен аударғанда баскиім деген мағынаға ие. Матадан астар салынып тігілетіні – күләпара, қысқа киетін түрі – жалбағай. *Қалың шидем киген, үлкен сеңсең тымақтың үстіне күләпара бастырып, өне бойды жылы киіммен шымқап тастаған жылқышылар екен (М.Ә., 3 т., 76-б.).*

Тақияның да үлгілері мен атаулары көп. Етегі аласа, төбесі төрт сай болып келетін кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте көбірек кездесе, аласа етекті, төбесі киіз үй сияқты тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, етегі биік тақия мен тостаған сияқты қаптама тақиялар кіші жүзге тән.

Көркем шығармада мынадай түрлері кездеседі. Мысалы:

Сырма тақия – арасына жүн, мақта салып немесе жай сырыған тақия.

Басында сұрғылт түсті сырма тақиясы бар. Қазақы тақия. Сол тақиясының екі самайдағы жиегінен ойдым-ойдым боп түскен ақ құйқа көрінеді (М.Ә., 1 т., 102-б.).

Оқалы тақия – жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған тақия.

Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы – мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді (М.Ә., 2 т., 51-б.).

Бұл мысалда жазушы оқалы тақияны ән ырғағынан теңселе барып, бас иіп тұрған Көкшенің қарағайымен салыстыра теңейді.

Базар қолды, тікше келген, ұнамды қара қатифа тақиясы бар (М.Ә., 2 т., 281-б.).

Басында қажы сапарынан киіп қайтқан шошақ төбе ақ тақиясы бар (М.Ә., 2 т., 128-б.).

Жегеннен асқанды тақия, тымақ, дорба, қалталарға да сықап жатыр (М.Ә., 1 т., 185-б.).

Әй, Ырғызбай, мынау елді көрдің зой!.. Өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың (М.Ә., 3 т.,123-б.). Бұл мысалдағы «қызыл тақия кию» – жазалау мағынасында қолданылған.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының қай кезеңде болмасын өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін, табиғатының байлығын, ұлтының ұлылығын танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген құштарлығын ұлттық киімдерінен көруге болады. Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқанын айқын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
3. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 384 б.

Көркем әдебиет:

Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея. I-IV т. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

А.Е. Кенжебекова

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың 1-курс магистранты

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С.А.Кенжеғалиев

Халық ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. «Бізде ең ежелгі мұра санатына жататын, ертедегі заманның аңыз-әңгімелерінен туған жыр-дастандар жетерлік. Әдебиетіміздің төркінін тым әріге монғол, Алтын Орда, ноғай-қыпшақ, қалмақтар заманына жеткізер ескерткіштер де осылар. Атап айтатын болсақ, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» және т.б.» [1, 19].

Батырлар жырын лингвистикалық тұрғыда алып қарайтын болсақ, батырлар жырының тілі – құрамы мен құрылымы жағынан күрделі болып келетіні белгілі. Осы тұста біз эпостың тілін мәтіннен тыс қарастыра алмаймыз, онымен байланыста әрі сабақтастықта талдауымыз қажет.

Батырлар жырының тілінде ел-жұрттың сана-сезіміне, ойлау қабілетіне сәйкес тіл көркемділігі – теңеу, әсірелеу, суреттеу, мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің жұмсалыуымен қатар, қарапайым сөйлеу тілінің элементтері, тіл ала-құлалықтары жиі кездеседі.

Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Профессор М.Серғалиев: «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» - деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды [2].

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – Т.Қоңыров. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан – жақты қарастыра отырып, теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [3, 9].

Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагматилситикасы» еңбегінде: «Теңеу – ерекше стилистикалық тәсіл, мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз. Әсерлі сөздің жасалу тәсілі сан алуан болып келеді. Соның ішінде ерекше байқалатын стилистикалық амал тәсіл – теңеу» [4,104].